

**Тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-
бағдарламалық кешеніне талаптар**

1. Клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін клирингтік орталық аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдалануда болады.

2. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешені жұмыс станцияларынан (компьютерлік базадан), серверлік жабдықтан, телекоммуникациялық жабдықтан, бағдарламалық қамтамасыз етуден тұрады және мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ақпаратты сенімді сақтау, рұқсатсыз кіруден қорғау, деректер базасының тұтастығы мен толықтығы:

кез келген уақытта бағдарламалық қамтамасыз етудің кез келген бөлігіндегі электрмен жабдықтаудың толық немесе ішінара өшірілуі кезінде;

желілердің, телекоммуникациялардың, кез келген элементте белгіленген физикалық және виртуалды қосылымдардың үзілуі кезінде;

бағдарламалық қамтамасыз ету ақпаратына рұқсатсыз кіру әрекеті кезінде;

2) бағдарламалық қамтамасыз етуде жүзеге асырылған кіру деректеріне, функциялар мен операцияларға, есептерге көп деңгейлі қолжетімділік;

3) енгізілетін деректердің толықтығын бақылау (функцияларды немесе операцияларды барлық қажетті деректер толық толтырылмай орындаған жағдайда хабарлама беру);

4) жеке сұрау және кез келген критерий бойынша ақпаратты іздеу, сондай-ақ ақпаратты кез келген белгі бойынша сұрыптау;

5) күндері бойынша ақпаратты қысқартусыз өңдеу және сақтау;

6) нормативтік құқықтық актілермен белгіленген есеп нысандарын автоматтандырылған қалыптастыру;

7) мұрағаттау мүмкіндігі (мұрағаттан деректерді қалпына келтіру);

8) шығыс құжаттарды экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігі;

9) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігі;

10) бағдарламалық қамтамасыз ету ақаулары жағдайында жұмысты үздіксіз жүзеге асыру;

11) осы клирингтік ұйым клирингтік қызметтер ұсынатын мәмілелер бойынша ақпаратты автоматтандырылған жинау, өңдеу және сақтау;

12) саудаларды ұйымдастырушы сауда жүйесінде және (немесе) тауар биржасында жасалған барлық мәмілелердің параметрлерін есепке алу;

- 13) тауар биржасы мүшелері үшін клирингтік қызмет нәтижелері бойынша есеп қалыптастыру;
- 14) мынадай операцияларды автоматты жүргізу:
 - тауар биржасы мүшесінің қаражатын бөлек есепке алу;
 - мәміле нәтижелері бойынша тауар биржасы мүшесінің қаражатын блоктау және блоктауды орындалған нәтижесінде алу;
 - тауар биржасы мүшелерін саудаларға жіберу;
- 15) тауар биржасы мүшесінің өзгертілетін деректерінің сақталуы және тіркелген тұлғаны бұрынғы деректері бойынша іздеу;
- 16) клирингтік есеп тізілімі бойынша бүкіл кезең ішінде жүргізілген барлық операциялар бойынша ақпарат сақталуы;
- 17) клиенттерге, есептік ұйымдарға, тауар биржасына және бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті органға ақпарат беру;
- 18) операцияларды жасау үшін бұйрықтар беруге уәкілетті тұлғадан құжатты алу фактісін сәйкестендіру;
- 19) клирингтік есеп тізілімдері бойынша операцияларды тек уәкілетті тұлғалардың бұйрықтары негізінде жүргізу;
- 20) бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыс істеу процесінде еркін нысандағы аудит журналын жүргізу.

3. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешені ақпаратының сақталуы бағдарламалық қамтамасыз ету деректерінің күнделікті сақтық көшірмелері арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Клирингтік орталық ақпаратын қорғау «әкімші» және «пайдаланушы» қолжетімділіктің негізгі деңгейлерімен қамтамасыз етіледі.

1) Қолжетімділік деңгейі «әкімші» мыналарды қамтиды:

пайдаланушылар топтарын айқындау, оларды орындалатын функциялары бойынша санаттарға бөлу және оларды бағдарламалық қамтамасыз ету деректері мен функцияларына жіберу мүмкіндіктерін белгілеу;

пайдаланушылардың бағдарламалық қамтамасыз ету деректері мен функцияларына қолжетімділігін блоктау;

бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыс параметрлерін реттеу;

бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасына қосылған пайдаланушыларды қарау; операциялық кезеңді ашу (жабу);

пайдаланушыларды бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасынан қажет болған жағдайда ажырату;

жұмыс күнін ауыстыру;

ұзақ мерзімді сақтаудың алынбалы тасымалдағыштарында мұрағаттық және резервтік көшірмелерді жасау;

2) Қолжетімділік деңгейі «пайдаланушы» мыналарды қамтиды:

бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасындағы анықтамалық ақпаратты мерзімді жаңарту;

бағдарламалық қамтамасыз етуге деректер енгізу;

бағдарламалық қамтамасыз етуде клиенттер қаражатымен белгілі бір операцияларды жүргізу;

есептік (шығыс) нысандарды қалыптастыру;

қажетті ақпаратты сақтау; есептерді және

шығыс нысандарды басып шығару.

5. Бағдарламалық қамтамасыз ету әрбір пайдаланушысы үшін жеке құпия сөз бойынша кіру қарастырылады.

6. Бағдарламалық қамтамасыз етуде (қолжетімділік деңгейіне қарамастан) мыналарға жол берілмейді:

1) белгіленген тәртіпті бұза отырып белгілі бір функциялар мен операцияларды орындауға мүмкіндік беретін құралдардың болуы;

2) қалыптастырылған шығыс құжаттардағы деректерге тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуы;

3) жүргізілген операциялар мен клирингтік есеп тізілімдерінің күйі туралы деректерді өзгерту (жою), тек дерекқор ақаулары жағдайлары мен бағдарламалық қателіктерді жою жағдайларын қоспағанда.

7. Клирингтік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз ету операцияларды орындаған кезде мынадай жағдайлар туралы хабарландырады:

1) клирингтік есеп тізілімінен есептен шығарылуға жататын қаражат мөлшері осы тізілімдегі қаражат мөлшерінен асып кетсе;

2) мәмілелерді орындау мерзімінің бұзылуы;

3) қаражат есептен шығарылатын клирингтік есеп тізілімі блокталған.

8. Тауар биржасының мүшесі – клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешенінің пайдаланушысы мыналарды орындайды:

1) пайдаланушының жұмыс орнына үнемі жаңартылатын вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылады;

2) пайдаланушының операциялар жүргізу үшін пайдаланылатын дербес компьютеріне лицензиясыз бағдарламалық қамтамасыз ету орнатуға жол берілмейді;

3) бір жүйелік пайдаланушы атауы, оның бойынша пайдаланушы бағдарламалық қамтамасыз етуге кіру кезінде сәйкестендіріледі, бірнеше нақты тұлғамен бөлісілуіне жол берілмейді.

9. Аппараттық-бағдарламалық кешенінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін клирингтік орталық дерекқормен жұмыс жасайтын сервердің бірдей жабдықталған резервтік данасы болуы тиіс.

10. Клирингтік орталықтың серверлік аппараттық қамтамасыз ету құрамында кез келген элементтің істен шыққан жағдайында жұмыстың үздіксіздігін қамтамасыз ететін резервтік жабдық бар.